

Тестілеу

Қазақ тілі 4-сынып

1. Екі кісінің сөйлесуы қалай аталады?

- а) әңгіме
- в) монолог
- д) диалог

2. Сөйлемнен соң қандай тыныс белгілер қойылады?

- а) сұрақ белгісі (?), нүкте (.), тырнақша («»)
- в) үтір (,), қоснүкте (:), нүкте (.)
- д) леп белгісі (!), сұрақ белгісі (?), нүкте (.)

3. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді табыңдар: «... бауырында жырша көп **өседі**»

- а) Алатау
- в) Алатауда
- д) Алатаудың

4. Сөз тіркесін тап:

- а) шашын өрді
- в) сары май
- д) тез-тез сөйледі

5. Жалқы есімді тап:

- а) шөп
- в) жұлдыз
- д) Астана

6. Күрделі сөздер ...

- а) біріккен сөздер, түбірлес сөздер
- в) қос сөздер, біріккен сөздер
- д) қысқарған сөздер, туынды сөздер

7. «Қ» дыбысына аяқталған сөзден кейін, дауысты дыбыс келсе «Қ» дыбысы қандай дыбысқа айналады?

- а) р
- в) х
- д) ғ

8. Жұрнақ жалғауды дұрыс жалғандар: **Жазу**

- а) ші, лер
- в) лық, лар
- д) шы, лар

9. Заттың сының сапасын білдіретін сөздерге қандай сұрақтар қойылады?

- а) қандай? неге?
- в) қай? қайтты?
- д) қандай? қай?

10. Мақал не туралы: «**Отан отбасынан басталады**»?

- а) байлық
- в) отан
- д) ақыл

11. Екі сөздің қосарлануынан жасалған сөздер:

- а) ата-баба, үлкен-үлкен
- в) тау-тас, быт-шыт
- д) салдыр-гүлдір, тып-тыныш

12. Зат есім қай септікте тұрғанда бастауыш бола алады?

- а) көмектес септік
- в) жатыс септік
- д) атау септік

•

13. Көптік жалғауы бар сөзді белгіле:

- а) қаламен
- в) жауынгер
- д) өсімдіктер

14. Жатыс септіктің жалғаулары бар сөзді белгіле:

- а) қабарғаны, есікті, үстелді
- в) қабырғадан, есіктен, үстелден
- д) қабырғада, есікте, үстелде

15. Шылауды көрсет:

- а) кітаппен дос бол
- в) кітап пен дәптер
- д) атпен келді

16. Қарсы мәндес сынарын белгіле: **Инабатты** -

- а) адал
- в) мейірімді
- д) әдепсіз

17. **Мұғалім бізбен талай рет сырласқан** – қай шақта?

- а) өткен шақ
- в) келер шақ
- д) осы шақ

18. Көмектес септік жалғауларын тап:

- а) мен, бен, пен
- в) ға, ғе, қа, қе
- д) ның, нің, дық, дік

19. Мақалды аяқта: «**Еңбек түбі ...**»

- а) мереке
- в) береке
- д) байлық

20. Екі сөзден тұратын кісі атының дұрыс жазылғанын белгіле:

- а) Мырзахмед
- в) Жылқыайдар
- д) Әбдіахмед

•

Кілтi:

1. д

2. д

3. д

4. в

5. д

6. а

7. д

8. д

9. д

10. в

11. а

12. д

13. д

14. д

15. в

16. д

17. а

18. а

19. в

20. в